ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Мектепке дейінгі ұйым «Рауан»б/б
Топ: «Бәйтерек»
Балалардың жасы: 2 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды: 08.09 - 12.09.2025ж
Педагогтің аты-жөні:Базарғалиева А Елемесова А

Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап. Абай Құнанбаев					

Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Сәлемдесу Армысың, Әлем! Армысың, Жарық күн! Армысың, абзал Адам! Армысың, менің досым! (сөйлеуді дамыту)	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. «Күй күмбірі» Күймен балаларды қарсы алу.	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка) BilimKids дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу. “Қайырлы таң” https://cdn.onlinebalabaqsha.kz/inside2020/storage/media/video/8/file/0PBtgzZUyE.mp4 (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Сәлемдесу «Достық» шеңбері. Біз қандаймыз, қандаймыз, Шұғылалы таңдаймыз, Жарқыраған күндейміз, Табиғатты қорғаймыз. (сөйлеуді дамыту)	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. BilimKids дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу. “Көңіл күй” https://cdn.onlinebalabaqsha.kz/inside2020/storage/media/video/8/file/0PBtgzZUyE.mp4 (сөйлеуді дамыту, музыка)
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	"Балалардың балабақшаға үйренісуінің ерекшеліктері"	"2-3 жасар балалардың жас ерекшеліктері"	"Ата-ананың баланы балабақшаға әкелуі және алуы кезіндегі әрекеттері"	"Баланың қандай тағамға аллергиясы бар?"	Әңгімелесу. "Балабақша ережелері"

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: Табиғат бұрышындағы өсімдіктерді бақылау, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, фикусті су құйғыш арқылы суаруды көрсету. «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. Міндеттер: Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) «Үй» саусақ гимнастикасы. (дене тәрбиесі, сөйлеуді дамыту) Жап-жаңа үй саламыз, (қолымызбен басымызға шатыр жасаймыз). Татулықта тұрамыз. (бір қол екінші қолды алып қысады) Біздің үйде терезе бар. (саусақтарымызбен төртбұрышты жасап қараймыз). Терезеден қараймыз! (терезеден қарау).	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Топтың ішін ретке келтір". Мақсат-міндеттер. Балаларды ересектерге көмектесуге машықтандыру; шкафтарғы ойыншықтар мен құралдардың ретсіздігін байқап, тазалықты орнатуға тарту; еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру. «Балалар кітапханасы» жобасы Фотосуреттерді қарастыру. «Әкем, Анам және мен» суреттер көрмесі Фотосуретте бейнеленген өздерінің отбасы туралы әңгімелеу. (сөйлеуді дамыту) Саусақ ойыны. "Бас бармақ". Міндеттері. Баланың тілін, қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру.	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: Балабақшадағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу. "Пирамиданы жинау ойыны. (сенсорика) Мақсат-міндеттері. Балалардың жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндік жасау; ойлау, қабылдау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Кім пирамиданы шашқан, Сақинаны ойнап басқан, Өткір тырнақтарын бүріп, Домалатып, айдап қашқан? Үстел үстінде ойналатын дамытушы ойын «Жұп суреттер». (құрастыру, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балаларға таныс қарапайым бейнені үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыруға ынталандыру, кеңістік	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Ұйымдастырылған іс-әрекеті кезінде оқу құралдарын тарату және орындарына жинау іскерліктеріне ынталандыру. "Саусақ жаттығуы. "Бес саусақ". (сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын, сөйлеу тілін, жағымды эмоцияларды дамыту, ақыл-ой дамуына ықпал ету. Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Оларды атап шақырар, Әрқайсының аты бар. Бас бармақ, Балаң үйрек, Ортан терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек. BilimKids дамытушы мультфильм Жеті атам https://youtu.be/B8CHjRWi3jE	Ұлттық сезім күні «Өнегелі тәрбие» Еңбек: Балаларды тамақ ішкенде табақшаларды, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинастыру іскерліктерін ынталандыру. Құлыншақ ойыншығымен ойнату. Міндеттері. Балаларды тақпақты айту барысында "Құлыншақ" ойыншығына қарап, қимылдарына еліктеуге ынталандыру, айтылған сөздерден жағымды әсер алуға баулу. "Құлыншақ тентек екен". Құлыншақ тентек екен, Желкесінде жалысы бар екен Желмен жарысып шауып, Анасына ұстатпай кеткен. - Құлыншағым, алысқа шаппа, Далаға қашпа! Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту) BilimKids дамытушы мультфильм Жеті атам https://youtu.be/B8CHjRWi3jE

Ертеңгілік жаттығу	Жаттығулар кешені. (дене тәрбиесі) 1."Қанаттарымызды қағамыз" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде. Алға қарай еңкейеміз. Бастапқы қалыпқа келеміз. Демді ішке тартамыз. Қолымызды төмен түсіреміз. Демді сыртқа шығарамыз. Құстардың қанаттарының қимылына еліктей отырып, қолдарымызды жоғары және төмен сермейміз. (3 рет қайталау) 2."Шапалақтаймыз" Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол төменде. Бір дегенде қолымызды көтереміз. Екі дегенде шапалақтаймыз. Бір. (Балалар қолдарын көтереді.) Екі. (Балалар шапалақтайды.) (3 рет қайталау.) 3. "Көңілді баламыз".	Жаттығулар кешені. (дене тәрбиесі) 1."Қанаттарымызды қағамыз" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде. Алға қарай еңкейеміз. Бастапқы қалыпқа келеміз. Демді ішке тартамыз. Қолымызды төмен түсіреміз. Демді сыртқа шығарамыз. Құстардың қанаттарының қимылына еліктей отырып, қолдарымызды жоғары және төмен сермейміз. (3 рет қайталау) 2."Шапалақтаймыз" Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол төменде. Бір дегенде қолымызды көтереміз. Екі дегенде шапалақтаймыз. Бір. (Балалар қолдарын көтереді.) Екі. (Балалар шапалақтайды.) (3 рет қайталау.) 3. "Көңілді баламыз". Бастапқы қалып аяқ иық деңгейінде, қолдар	Жаттығулар кешені. (дене тәрбиесі) 1."Қанаттарымызды қағамыз" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде. Алға қарай еңкейеміз. Бастапқы қалыпқа келеміз. Демді ішке тартамыз. Қолымызды төмен түсіреміз. Демді сыртқа шығарамыз. Құстардың қанаттарының қимылына еліктей отырып, қолдарымызды жоғары және төмен сермейміз. (3 рет қайталау) 2."Шапалақтаймыз" Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол төменде. Бір дегенде қолымызды көтереміз. Екі дегенде шапалақтаймыз. Бір. (Балалар қолдарын көтереді.) Екі. (Балалар шапалақтайды.) (3 рет қайталау.) 3. "Көңілді баламыз". Бастапқы қалып аяқ иық деңгейінде, қолдар	Жаттығулар кешені. (дене тәрбиесі) 1."Қанаттарымызды қағамыз" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде. Алға қарай еңкейеміз. Бастапқы қалыпқа келеміз. Демді ішке тартамыз. Қолымызды төмен түсіреміз. Демді сыртқа шығарамыз. Құстардың қанаттарының қимылына еліктей отырып, қолдарымызды жоғары және төмен сермейміз. (3 рет қайталау) 2."Шапалақтаймыз" Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол төменде. Бір дегенде қолымызды көтереміз. Екі дегенде шапалақтаймыз. Бір. (Балалар қолдарын көтереді.) Екі. (Балалар шапалақтайды.) (3 рет қайталау.) 3. "Көңілді баламыз". Бастапқы қалып аяқ иық деңгейінде, қолдар	Жаттығулар кешені. (дене тәрбиесі) 1."Қанаттарымызды қағамыз" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде. Алға қарай еңкейеміз. Бастапқы қалыпқа келеміз. Демді ішке тартамыз. Қолымызды төмен түсіреміз. Демді сыртқа шығарамыз. Құстардың қанаттарының қимылына еліктей отырып, қолдарымызды жоғары және төмен сермейміз. (3 рет қайталау) 2."Шапалақтаймыз" Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол төменде. Бір дегенде қолымызды көтереміз. Екі дегенде шапалақтаймыз. Бір. (Балалар қолдарын көтереді.) Екі. (Балалар шапалақтайды.) (3 рет қайталау.) 3. "Көңілді баламыз". Бастапқы қалып аяқ иық деңгейінде, қолдар белде. Бір орында секіру. 8 рет.

Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Сабынды дұрыс қолдануды, қолды жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді үйрету. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. Тазалықтың досы Су дегенің осы. "Үнемді тұтыну": Біз ақылды баламыз. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау. Қасығымыз қайда? Табақшамыз қайда? Өзімізге жақын тартайық, Тамақты тауысып алайық. Д. Ахметова (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. "Күй күмбірі": "Бауырым" (орындайтын Қаршыға Ахмедияров) https://kitap.kz/music/2/qarshyha-axmediyarov-kujler-iii «Өнегелі»: Эмоциялар мен сезімдер. Тақырыбы: «Мен өзімді қалай сезінемін?» Мақсаты: балаларға өз эмоцияларын анықтауды және білдіруді үйрету.

	Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетке жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін дыбыс бәсең, салмақты әуенжазбасын қосу. Қайырлы таң, балақайлар! Қайырлы таң, мөлдір қайнар! Күніміз де бізге күлімдейді: "Сәлем, сәлем!"- дейді. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)	«Отбасы» саусақ гимнастикасы. Әр жолды айтқан сайын балалар саусағын бүгеді. Мына саусағым - атам, Мына саусағым - әжем, Мына саусағым - әкем, Мына саусағым - анам, Мына саусағым - мен. Әңгімелесу: «Менің атам мен әжем»	Жылулық шеңбері (сөйлеуді дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру) Ашық менің жүрегім Ылғи күліп жүремін. Бірге ойнап жүретін Достарым көп, білемін!	Саусақ ойыны. "Бас бармақ". Міндеттері. Баланың тілін, қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. Бас бармақ байтақ, Балаң үйрек – көмек, Ортан терек – бөлек, Шылдыр шүмек – керек, Кішкентай бөбек – көбелек, көбелек. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту, сенсорика)	«Ойыншықтар» саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын дамытады, тәрбиеші көрсеткендей қимылдарды орындайды, өз іс-әрекеттерін дұрыс айта білу қабілетін қалыптастырады. Іші толған бөлменің, Ойыншығым мол менің. Босқа тізіп қоймайын, Келе ғой дос, ойнайық. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру)

Кестеге сәйкес ҰІӘ	Дене тәрбиесі "Еңбектейміз ерінбей!" Мақсат-міндеттері. Балаларға ересектің көмегінсіз гимнастикалық тақтайдың бойымен жүруді үйрету; саптағы жаттығуларды жасауда тепе-теңдікті сақтауға және кейіпкер Аланмен бірге жаттығуларға қосылуға машықтандыру; балалардың ептілік және жылдамдық дағдыларын дамыту; дене, аяқ-қол бұлшық еттерін дамыту; жаттығу барысында эмоциялық көңіл күйді көтеру. "Тышқан мен мысық" қимыл ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды шапшаң әрі шыдамды болуға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	Музыка. "Асыл әжем". Мақсат-міндеттері. Балалардың әже туралы әнді тыңдау және есте сақтау қабілетін қалыптастыру; музыканы сипатына қарай ажыратуды үйрету; музыка мен қимылды үйлестіре білу дағдыларын жетілдіру; отбасы мүшелері туралы білімдерін толықтыру; балалардың музыканы тыңдау кезінде зейін мен еске сақтау және қабылдау қабілеттерін дамыту. "Бәйтерек" ойыны. Мақсат-міндеттері. Отбасы мүшелерінің суреттерін бәйтерекке біріктіруді үйрету. (музыка, сөйлеуді дамыту)	Дене тәрбиесі "Аюмен шеңберге тұру". Мақсат-міндеттері. Балаларға шеңберге тұруды үйрету; шеңберге тұру арқылы дербестік пен ептілік дағдыларын қалыптастыру; топтық қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу. "Жұбымызбен жарасайық" ойыны. Мақсат-міндеттері. Сөздік нұсқаулар арқылы қимылдарды дұрыс орындауды үйрету.	Дене тәрбиесі "Шеңберге тұрайық". Мақсат-міндеттері. Балаларға шеңберге дұрыс тұруды үйрету; дене жаттығуларын дұрыс жасай білуге машықтау; шеңберге тұру техникасы туралы мағлұмат беру; ептілік дағдылары мен эмоциялық көңіл күйді дамыта отырып, шеңберге тұру арқылы балаларды дербестік пен жылдамдық іскерліктерін жетілдіру; шеңберге тұру және жаттығуларды жасағанда достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; қимылды дұрыс қайталауды үйрету. "Жапалақ" ойыны. Мақсат-міндеттері. Ереже бойынша ойын ойнауды үйрету. Қимыл жылдамдығын дамыту. (дене тәрбиесі)	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығулар. "Ойыншықтар". Мақсат-міндеттері. Балаларға ойыншықтар жөнінде түсінік беру, олардың негізгі қасиеттерін педагогпен бірге атау, қимылдарды қайталауды үйрету. Ойыншық арқылы балалардың ой-өрісін кеңейту және еске сақтау қабілеті мен тілін дамыту. "Пирамида жинайық" жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Өз орнында бір ойыншықпен қызықты ойын ойнауды үйрету.

	"Пирамиданы жинау ойыны. (сенсорика) Мақсат-міндеттері. Балалардың жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндік жасау; ойлау, қабылдау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Кім пирамиданы шашқан, Сақинаны ойнап басқан, Өткір тырнақтарын бүріп, Домалатып, айдап қашқан?	"Әженің баурсақтары". (мүсіндеу) Мақсат-міндеттер. Сазбалшық бөліктерін бір тұтас кесектен жұлып, алақандар арасынла дөңгелектеуге ынталандыру. BilimKids дамытушы мультфильм Жеті атам https://youtu.be/B8CHjRWi3jE	Қоршаған әлеммен таныстырудан жаттығулар "Аю мен қонжық" Мақсат-міндеттері. Суреттегі кейіпкерлердің қимылдары мен әрекеттерін біртұтас оқиға желісі ретінде қабылдауды үйрету. «Аю мен қонжық» атты суретпен таныстыру арқылы балалардың байқампаздық, зейін, сөйлеуін, эмоциялық қабылдау қабілеттерін дамыту. Орман жануарларының тіршілігіне қызығушылықты қалыптастыру және қамқорлыққа тәрбиелеу.	Сурет салудан ойын-жаттығулар. "Әжемнің жіптері". Мақсат-міндеттері. Балаларды қылқаламмен таныстыру, оның сабын үш саусақпен ұстау, бояуға малу, белгіленген жерден бастап, түзу бағытта сызықтар қалдыруды үйрету; қылқаламның ұшына зер салып, қалдырған ізді тоқтаған жеріне дейін бақылап отыруға жаттықтыру; қылқаламды тіреушеге қайта қоюға дағдыландыру; педагогтің көрсеткен үлгісіне ойын арқылы еріп отыру және тазалық сақтау ережелеріне шақырып отыру. "Жіптерді жинайық" ойын рефлексиясы. Мақсат-міндеттері. Заттардың көлемін ажыратуды, ортақ қасиеттеріне қарай топтастыруды үйрету. Зейін, еске сақтау, ойлау, сөйлеуді дамыту.	"Көңілді күлегештер шеңбері". (жапсыру) Мақсат-міндеттер. Балалардың жапсырмалы смайлдарды бірігіп, педагог салған шеңбер ішіне жапсыруға ынталандыру.

2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Есесектің бақылауымен белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу дағдыларын қалыптастыру. Қауіпсіздік. Балаларға "бұрыс", "дұрыс емес", "қауіпті" ұғымдарын қалыптастыру, серуенде, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерін сақтау жайында ескерту. Бас киімді шешпейміз, Өзге учаскіге кетпейміз. Жерге түскен қоқымды Ешқашан да термейміз. Құммен біз тек ойнаймыз, Аузымызға оны салмаймыз. Ұялмаймыз - Апайдан сұраймыз. (Д. Ахметова)

Серуен	Сұхбатхананы бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларға сұхбатхана құрылысын көрсету, бұл ойынды көлеңкеде тұрып ойнауға болатынын түсіндіру; сұхбатхананы учаскенің белгілі орны екендігі туралы тұрақты ұғымды қалыптастыру. Күннің көзі түспейді, Күлкі жүзден кетпейді. Көлеңке орын - сұхбатхана, Бұнда ойнаймыз біз ғана. - Балалар, сұхбатханада күнде жиналатын боламыз, бұл жерде ыстық күндері салқын, суық күндері жылы болады, жел мен жаңбыр өтпейді. Сұхбатханамыз тамаша жер! Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды	Балабақша маңынан өтіп бара жатқан адамдардың, балалардың жазғы киім киістерін бақылау. (қоршаған әлеммен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: балалардың киім туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру; балалардың сөздік қорларын белсендіру (көйлек, сарафан, шұлық, баскиім т.б.); киім түстерін сенсорлық тұрғыда қабылдауын дамыту (Қуаныш сары майка киген, Айымның көйлегі қызыл). "Көпіршік" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсаты: балаларды белгі сөздерге сай қимылдауға үйрету, шеңберге тұруға, оны кеңейтуге, содан кейін тарылтуға, олардың қимылын айтылған сөздермен үйлестіруге үйрету. Үрлен, үрлен көпіршік, Үлкен болып үрленші.	Жапырақтарды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларды маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылауға, жапырақтардың жасыл, сары түстерге боялғанын анықтау; жапырақтардың пішіндерін байқауға үйрету. Өсімдіктерге сүйіспеншілік танытуға бейімдеу. Қауіпсіздік.Табиғат объектілерін бақылауда қарапайым қауіпсіздік ережелері сақтауға ынталандыру. Сапарғали Бегалин Еседі жел кешкі самал, Отыр ойнап қос өрімтал, Жасыл жапырақ суылдайды Сыбдырлайды көк шыбықтар. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға	Желді бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларды жапырақтарға қарап, желдің соғып тұрғанын байқауды үйрету; байқампаздыққа, зеректікке тәрбиелеу. Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту; табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: жел. Саябаққа күз келсе, Жел дамылсыз соғады. Тыным бермей ешкімге, Жұлқылайды бәрін де. Үзіп жатыр, Жұлып жатыр Барлық сары жапырақты. Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін	Бұлттарды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтай болғанына, бейнелерге ұқсағанына көңіл аудару. Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Қ. Мырза Әли "Аспанда". Бір бұлт шықты бие болып, Бір бұлт шықты түйе болып, Бір бұлт шықты шошқа болып, Бір бұлт шықты қошқар болып. "Бұлттарға ұқсап ұшайық" қимыл ойыны. (дене тәрбиесі) Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді үйрету. - Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар. - Мен сендерге: "Қатты жел соқты!" деген кезде сендер мен көрсеткен жерге, бұлттарға ұқсап, "ұшасыңдар".

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Сабынды дұрыс қолдануды, қолды жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді үйрету. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Ағып жатыр мөлдір су, Қане, қолды созып жу, Алақанды үйкелеп, Саусақтарменен тербелеп. (Д.Ахметова) "Үнемді тұтыну": Біз ақылды баламыз. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау. Қасығымыз қайда? Табақшамыз қайда? Өзімізге жақын тартайық, Тамақты тауысып алайық. Д. Ахметова (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту) Ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қоюға ынталандыру.

Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. Халық ауыз әдебиетіндегі "Әлди-әлди, ақ бөпем" бесік жырынан үзінді. Әлди-әлди, ақ бөпем, Ақ бесікке жат, бөпем! Астыңа терлік салайын, Үстіңе тоқым жабайын. (сөйлеуді дамыту)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдайды. (музыка)	Өз төсектерін салуды біледі. Аудио тыңдау Ж.Байырбекваның «Бесік жыры» әні (музыка)	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытады. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка)	Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді. «Қаршақыз» ертегісін оқып беру. (қатынас іс-әрекеті)
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	Ұйқыдан тұрғаннан кейін төсекте жатып жаттығу жасау; төсектерінен тұрмай жатып, көрпелерін ашпай жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды (төсекте жатып 2-3 минут жасалатын жаттығулар балалардың ұйқысы ашылып, сергек болуына бағытталған). Жаттығуды ұйқыдан оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. (дене тәрбиесі)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; тамақтану мәдениетіне баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				

Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	"Отбасыда" ритмикалық жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды көркемсөздің ырғағына қимылдарды қайталап, орындауға жаттықтыру; отбасы мүшелері жөнінде ұғымдар қалыптастыру. - Отбасымда атам бар, топ-топ-топ, аяқ басар (сап түзеп бір орында тұру). - Отбасымда әжем бар, ол тәп-тәтті нан жабар (алақандарды кеуде алдында ішке қарай айналдыру). - Отбасымда әкем бар, тоқ-тоқ-тоқ кілем қағар (жұдырықпен кеудені соққылау) - Отбасымда анам бар, тап-таза қылып еденді жуар (алдыға еңкею). - Отбасымда мен де бармын, тәртіпті бала боламын (алақандарды кеудеге қойып, оң-солға еңкею). (сөйлеуді дамыту, құрастыру)	«Үй» саусақ гимнастикасы. (дене тәрбиесі, сөйлеуді дамыту) Жап-жаңа үй саламыз, (қолымызбен басымызға шатыр жасаймыз). Татулықта тұрамыз. (бір қол екінші қолды алып қысады) Біздің үйде терезе бар. (саусақтарымызбен төртбұрышты жасап қараймыз). Терезеден қараймыз! (терезеден қарау). "Өз үйіңді тап" қимылды ойын. Ойыншылар 3-4 кішкентай, ұзыншақ келген аласа орындықтарда отырады. Барлық балаларда әдемі үлкен ойыншықтар: бірінші тұрған ұзыншақ орындықта қуыршақ, екіншісінде - ит, үшіншісінде - мысық, төртіншісінде - аю, қоян. Тәрбиешінің «Серуенге шығамыз» деген нұсқауымен барлық балалар орындарынан тұрып тәрбиешінің соңынан	«Үлкен және кішкентай доптар» азқимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Балалардың кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, заттың көлемі туралы түсініктерін дамыту. Ойын шарты. Педагог балалармен бірге үлкен және кішкентай доптарды зерттейді. Олардың қайсы үлкен, қайсы кішкентай екенін ажыратады. Доптарды жерге шашып тастайды. Ойын басында педагог балалардан үлкен доптарды алып келулерін және оларды себетке салуларын сұрайды. Кейін балалар кішкентай доптарды себетке жинайды. Жердегі барлық доптарды жинап болған соң, педагог балалармен бірге доптарды себетке дұрыс салғандарын балалармен бірге тексереді. (Ойынды 2-3 рет ойнатуға болады.) Сюжеттік-рөлді ойын.	«Ағайындылар» саусақ ойыны. Мақсат-міндеттер. Балалардың көру және есту зейінін, қабылдауын, ойлауын, артикуляциясын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, шығармашылық қабілеттерін, бір сюжет өзара әрекеттесу қабілетін дамытуға ықпал ету; өзіне сенімділікке, мейірімділікке тәрбиелеу. – Бір күні екі ағайынды серуендеуге шығыпты. Олардың артынан тағы екі ағайынды келе жатты. Ең үлкені ағасы шықпады, ол бауырларын үйге шақырды. Оларды дастарқан басына отырғызып, дәмді ботқа берді. – Балалар, осы ағайындылар қолымыздың бес саусағы болып шықты. Алдымен, бес саусақтың атауларын есімізге түсірейік. Кімнің есінде?	«Менің балаларым қайда?» музыкалық-дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларға үйрек қаз, тауық және басқа құстар мен олардың балапандарын суреттеріне қарап ажыратуды үйрету. Құралдар: төрт үлкен үлестірмелі қағаз бен бірнеше кішкентай үлестірмелі қағаз. Үлкен қағаздарда: қаз, үйрек, тауық, басқа құс бейнеленген. Ал, кішкентайларында үйректің балапандары, тауықтың балапандары, ұядағы балапандар бейнеленген. Балалар музыкалық жетекшіге қарама-қарсы жаққа жартылай шеңбер құрып отырады. – Бір аулада тауық пен балапандары, үйрек пен балапандары және қаз бен оның балапандары болыпты. Ал, ағаштың үстіне бір құс ұя салыпты. Бір күні қатты жел соғып, жаңбыр жауыпты. Барлығы қорыққандарынан

Балалармен жеке жұмыс	"Баулармен ойнау" ойыны. Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Тәрбиеші балаларға баулармен жұмыс істеу үлгісін көрсетеді. Педагог: - Қараңдаршы, балалар, бұның шеттерінде тесіктер бар. Сол тесіктерге бауларды өткізу керек. Мен бауды әр тесікке бір жағынан, екінші жағынан өткіземін. Қандай тегіс жол пайда болғанын қараңдар. Ал енді, сендер жасап көріңдер. Балалар баулармен әртүрлі оюлар жасап көреді. (сенсорика)	Ермексаздан ұсақ кесектерді үзіп алуды және дөңгелектерді илеу амалдарын игерту. "Ұсақ бауырсақтар". (мүсіндеу) Қимылды ойын. «Доптарды салу» Міндеттер: Доптарды себетке сала алады. Ойынды ұйымшылдықпен ойнай біледі. (дене тәрбиесі)	"Сипау арқылы тап" ойыны. Мақсат-міндеттері. Заттарды сипап-сезу арқылы тану және атауды үйрету. Құрал-жабдықтар. Тәрбиеші жаңа жылдық сыйлықтар туралы толық мәлімет береді. Педагог: - Балалар, Аяз ата жаңа жылдық сыйлықтарды қапқа салып кетіпті. Сендер оларды қаптан шығармай, сыртынан сипау арқылы атауларың керек. (сөйлеуді дамыту, сенсорика)	"Әртүрлі түстер (бірінші бөлім)" атты мультфильмін көру. Мақсат-міндеттері. Балалардың негізгі түстер туралы ұғымдарының қалыптасуына ықпал ету, түстерді атауға ынталандыру. (сөйлеуді дамыту)	Ермексаздан ұсақ кесектерді үзіп алуды және дөңгелектерді илеу амалдарын игерту. "Қар жауды". (мүсіндеу)
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				

Серуен	Құмды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: балаларға құрғақ құм қолдың арасынан себіліп түскенін, дымқыл құмнан әртүрлі пішіндер жасауға болатынын көрсету; құмды «құрғақ» немесе «дымқыл» деп айтуға ынталандыру, құммен тәжірибе жасату. Дымқыл құм сазбалшықтай. Қолға алмайсың қалай? Қолға алса, домалатса, Болады құм бауырсақтай. Д. Ахметова "Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру; белгі бойынша белгілі бағытқа жүгіруді	Аулаға ұшып келген құстарды бақылау. Торғай. (қоршаған әлеммен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Аулаға ұшып келетін құстарды бақылауды, оларды "құстар" деп атауға, негізгі дене бөліктерін байқауға үйрету; құстардың қимылдары ерекшеліктерін еліктеуге ынталандыру; байқағыштыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік.Табиғат объектілерін бақылауда қарапайым қауіпсіздік ережелері сақтауға ынталандыру. Балалардың ұшқан құстарға аудару. "Торғай" (ел аузынан) Торғай-торғай тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап, Бөтегесі томпайып, Түймедей боп монтыйып, "Шіп-шіп" десіп отырар, Торғай-торғай топтаған. Тоғайды торғай мақтаған,	Ағаштарды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларды маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылауға, жапырақтардың жасыл, сары түстерге боялғанын анықтау. Өсімдіктерге сүйіспеншілік танытуға бейімдеу. Қауіпсіздік.Табиғат объектілерін бақылауда қарапайым қауіпсіздік ережелері сақтауға ынталандыру. Мақсат-міндеттер: балаларға ағаштарды таныстыру, ағаштардың жасыл жапырақтары желпілдеп, жайқалып тұрғанын байқату; зейін, ойлау қабілеттерін дамыту. Жанымызда биік ағаштар, Бұталарында жапырақтар. Ағаштар тік тұрады, қозғалмайды, Жапырақтарын бұлғайды.	Күнді бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларға күннің аспанда орналасқанын және жарқырайтынын байқату, күннің жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда қолдарын жаю, жоғары созу, жағымды эмоцияларға бөлінуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Қауіпсіздік.Табиғат объектілерін бақылауда қарапайым қауіпсіздік ережелері сақтауға ынталандыру. Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар оның соңынан қайталайды. Алтын күнге ұқсайық, Қолдарды, кел, созайық. Қолдарымыз - шуақтар, Жайылады жан-жаққа. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға	Балабақша маңынан өтіп бара жатқан адамдардың, балалардың жазғы киім киістерін бақылау. (қоршаған әлеммен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: балалардың киім туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру; балалардың сөздік қорларын белсендіру (көйлек, сарафан, шұлық, баскиім т.б.); киім түстерін сенсорлық тұрғыда қабылдауын дамыту (Қуаныш сары майка киген, Айымның көйлегі қызыл) "Көшедегі адамдар" (Д. Ахметова) Көшеге қара, балақай! Адамның киімі қандай? Көк шалбар, Қоңыр шалбар, Сым-шалбар, Балағы кең және тар. Қызыл көйлек, Сұр көйлек, Көбелектей Көкпеңбек. "Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері.

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Сабынды дұрыс қолдануды, қолды жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді үйрету. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Ағып жатыр мөлдір су, Қане, қолды созып жу, Алақанды үйкелеп, Саусақтарменен тербелеп. (Д.Ахметова) "Үнемді тұтыну": Біз ақылды баламыз. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау. Қасығымыз қайда? Табақшамыз қайда? Өзімізге жақын тартайық, Тамақты тауысып алайық. Д. Ахметова (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)

Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұлрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) ертегілер мазмұндары, кейіпкерлер жайында сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету. (коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту) Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка) Міндеттер. Музыканың	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұлрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) ертегілер мазмұндары, кейіпкерлер жайында сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету. (коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту) Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка) Міндеттер. Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұлрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) ертегілер мазмұндары, кейіпкерлер жайында сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету. (коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту) Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка) Міндеттер. Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұлрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) ертегілер мазмұндары, кейіпкерлер жайында сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету. (коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту) Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка) Міндеттер. Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыруды	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұлрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) ертегілер мазмұндары, кейіпкерлер жайында сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету. (коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту) Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка) Міндеттер. Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. Өнер бұрышында

Балалардың үйге қайтуы	"Балалардың балабақшаға үйренісуінің ерекшеліктері"	"2-3 жасар балалардың жас ерекшеліктері"	"Ата-ананың баланы балабақшаға әкелуі және алуы кезіндегі әрекеттері"	"Баланың қандай тағамға аллергиясы бар?"	Әңгімелесу. "Балабақша ережелері"